**2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысы

РҚАО-ның ескертуі. P031327 қаулысын қараңыз

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 6, 7, 8-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің 2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына 6-қосымша

104 - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің**
**қызметін қамтамасыз ету"**
**деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**Паспорты**

1. Құны: 614128 мың теңге (алты жүз он төрт миллион бір жүз жиырма сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелген функциялардың барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін оның аппаратының қызметін қамтамасыз ету, өз лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіби шеберлігін жетілдіру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби қызмет саласындағы білім беру бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімдерін, машықтарын, дағдыларын жаңарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелген функциялардың барынша тиімді орындалуына қол жеткізу үшін оның аппаратын ұстау, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру, Алматы қаласы, Республика алаңы, 4 ғимаратта орналасқан 6-қабаттағы алаңы 967,7 шаршы метр үй-жайға күрделі жөндеу жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| р/с N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің қызметін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелген функцияларды орындау мақсатында 307 бірлік санында бекітілген штат | Жыл бойы. | Қазақстан Республи. касы Премьер-Министрінің Кеңсесі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | санының лимиті шегінде оның аппаратын ұстау. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарларын литерлік рейстермен қамтамасыз ету | | |
| 3 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Бекітілген біліктілігін арттыру жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтер көрсетуді сатып алу, оның ішінде мемлекеттік тілді үйрету. Біліктілігін арттыру курсынан өтетін мемлекеттік қызметшілердің орташа жылдық саны - 95. | Жыл бойы. | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі. |
| 4 | 008 | Мемлекеттік органдардың ғимараттарын, үй-жайлары және құрылыстарын күрделі жөндеу | Алматы қаласы, Республика алаңы, 4 ғимаратта орналасқан 6-қабаттағы алаңы 967,7 шаршы метр үй-жайға күрделі жөндеу жүргізу. | Жыл бойы. | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі. |
| 5 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | 4 жиынтық басшы кабинетін сатып алу | Жыл бойы | Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің |

К е ң с е с і < * >

Ескерту. Кесте толықтырылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 813 қаулысымен .

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелген функцияларды сапалы және уақтылы орындау қазіргі заманғы экономикалық шарттарға сәйкес кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сай мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 6 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 3 2 7 қ а у л ы с ы н а
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.26. N 197ю қаулысымен .

104 - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Мемлекеттік органдарда ақпараттық**
**қауіпсіздікті ұйымдастыру және қамтамасыз ету"**
**деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**Паспорты**

1. Құны: 28257 мың теңге (жиырма сегіз миллион екі жүз елу жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 15 наурыздағы Заңы ; "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; " Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңы ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы ; "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 наурыздағы N 390-16қ қаулысымен бекітілген Құпиялылық режимін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық; "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы ; " Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысы ; "

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің "Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 мамырдағы N 435 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің " Ақпаратты техникалық қорғау орталығы" мемлекеттік мекемесінің жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының 2002 жылғы 11 қазандағы N 25-1-97 бұйрығы; "Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығы" мемлекеттік мекемесінің жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының 2003 жылғы 3 маусымдағы N 25-1-51 бұйрығы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік органдарда ақпараттық қауіпсіздікті ұйымдастыру және қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік органдарда мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді техникалық қорғауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету, мемлекеттік органдар мен ұйымдарды ақпаратты техникалық қорғау құралдарымен жарақтандыру, ақпаратты техникалық қорғау құралдарын, компьютерлік және ұйымдастыру техникасын сатып алу, ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| р/с N | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | | 002 | Мемлекеттік органдарда ақпараттық қауіпсіздікті ұйымдастыру және қамтамасыз ету | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | 100 | Мемлекеттік органдарда ақпаратты техникалық қорғауды ұйымдастыру | 1) 14 бірлік санында бекітілген штат санының лимиті шегінде "Ақпаратты техникалық қорғау орталығы" жөніндегі мемлекеттік орталық мекемесін ұстау.<br>2) Мыналарды сатып алу:<br>компьютер - 5 бірлік;<br>сервер - 1 бірлік;<br>Notebook - 1 бірлік;<br>коммутатор - 1 бірлік;<br>бағыттауыш - 1 бірлік;<br>сканер - 1 бірлік;<br>көшіру машинасы - 1 бірлік;<br>принтер - 2 бірлік;<br>бағдарламалық қамтамасыз ету - 1 бірлік;<br>телефондық аналог фильтрі - 106 бірлік;<br>телефондық сандық фильтр - 170 бірлік;<br>желілік фильтр - 100 бірлік;<br>матрицалық генератор - 100 бірлік;<br>радиотрансляциялық желілерді қорғау құрылғысы - | Жыл бойы | "Ақпаратты техникалық қорғау орталығы" мемлекеттік мекемесі |

1 бірлік; шредер - 1 бірлік, шағын АТС - цифрлық - 1 бірлік; Мемлекеттік органдарда ақпаратты қорғау құралдарын орнату және олардың техникалық жай-күйін тексеру.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 101 | Ақпарат қауіпсіздігі саласында мамандарды даярлау және біліктілігін арттыру орталығы | 8 бірлік санында бекітілген штат санының лимиті шегінде "Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың біліктілігін арттыру орталығы" | Жыл бойы | "Ақпараттық қауіпсіздік саласында мамандар даярлау және олардың білікті. лігін арттыру орталығы" ММ ММ ұстау |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мемлекеттік органдарда мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтердің жария болу техникалық арналарын уақтылы анықтау, қызметтік ақпаратты өңдеу процестерін автоматтандыру, мемлекеттік құпияларды қорғау үшін ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мамандардың кәсіби деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1327 қаулысына
8-қосымша

Ескерту. 8-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.26. N 197ю қаулысымен .

104 - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2004 жылға арналған**
**"Мемлекеттік мекемелерді фельдъегерлік**
**байланыспен қамтамасыз ету"**
**деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның**
**Паспорты**

1. Құны: 212437 мың теңге (екі жүз он екі миллион төрт жүз отыз жеті мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 18 мамырдағы Заңының 15-бабы ; " Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңы ; "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңы ; "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы ; "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 12 тамыздағы N 668қ қаулысы; "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарына ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 ақпандағы N 229 қаулысы ; "Мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші емес қызметкерлеріне және қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қаңтардағы N 41 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысы ; Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік фельдъегерлік қызметі" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі Басшысының 2002 жылғы 11 қазандағы N 25-1-94 бұйрығы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік мекемелерді фельдъегерлік байланыспен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік мекемелердің аса маңызды, өте құпия, құпия, үкіметтік, дипломатиялық хат-хабарларының, бағалы жөнелтімдері мен жүктерінің жедел жеткізілуі мен сақталуын қамтамасыз ету, компьютерлік және ұйымдастыру техникасын.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| р/с N | Бағ. дар. | Кіші бағ. | Кіші бағдарлама. | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі | Іске асыру | Жауапты орындау. |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | лама<br>коды | дар.<br>лама<br>коды | лардың<br>атауы | іс-шаралар | мерзімі | шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Мемлекеттік мекемелерді фельдъе. герлік байланыспен қамтамасыз ету | 1) 307 бірлік санында бекітілген штат санының лимиті шегінде Мемлекеттік фельдъегерлік қызметті ұстау. 2) Мыналарды сатып алу: дербес компьютер - 40 жиынтық; монитор - 2 бірлік; лазерлік принтер - 40 бірлік; сервер - 2 бірлік; магниттік лента - 2 бірлік; жергілікті желілерге арналған жабдық - 1 бірлік; бағдарламалық қамтамасыз ету - 50 бірлік. шағын АТС - ұқсас - 1 жиынтық; Компьютерлік жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату. | Жыл бойы | "Қазақстан Республи. касының мемлекеттік фельдъе. герлік қызметі" республи. калық мемлекеттік мекемесі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: тасымалданатын құпия және үкіметтік хат-хабарлардың уақтылы жөнелтілуі және 100% сақталуы, бұл мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді, сұрау салуларды орындау жөніндегі жұмыстарды автоматтандыру ( қажетті қызметтік ақпаратты жылдам іздеу, өңдеу, беру және сақтау).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК